



Ақмешіт

10 наурыз сәрсенбі №19 (1721) 2021 жыл

апталығы

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінде бастап шығады
• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ТҮНІ КҮНДЕЙ ЖАРҚЫРАҒАН ҚЫЗЫЛОРДА!

Шынын айтқанда, кешкі серуенге уақыт бөлу мен үшін едетке айналмаған. Цифрлы әлемнің буынымын, Қыспен қоштасып, көктемнің лебі сезілгенде достармен бірге кешкі серуенге шыққаным. Тынысыңды ашатын таза ауа, қараңғылықты жеңген жарық шамдары айналаны сұлуландырып жібереді екен. Әсерлілігі сондай, басқа әлемге еніп кеткендей болдым.



Сырдария бойын жағалау орналасқан жағалауда уақыт өткізетін адамдар аз емес екен. Кішкентайын жетектеген ата-ана, өзара әзілдесіп келе жатқан жастар, құлаққаптың ар жағындағы әлемге еніп жүгіріп жүрген жан... Олардың бәрі сол бір өзгерісті байқағандай. Тәуелсіздік көшесіндегі көпірінде орналасқан көздің жауын алатын түрлі-түсті шамдардың шуағы алыстан өзіне баурайды. Әр келкі болып шуақ шашқан жарық сәулесі сол жағалауға дейін жетіп тұр. Сылдырлап аққан Сырдария да дәл сол сұлу сәулелерге көмкеріліп-ақ тұрады. Қалаға келген қонақты бұл әсем көрініс еріксіз баурап, сүйіспеншілігін арттырмай қоймайды. Көпірдің үстіне субұрқақ жасаса Оңтүстік Кореяның Банпо көпіріне әбден ұқсайтыны сөзсіз. Қысқасы, жағалауда жүріп-ақ жанға жай табуға болады.



Жалпы жағалау қаладағы келбеті келіскен жалғыз жер емес. Мысалы орталық мешіттің жанында да түрлі-түсті шаммен көмкерілген арка бар. Ол жерде де әсем шамаға қызыға қараған балаларды, серуендеп жүрген жандарды кездестіресіз. Қазір бұл араға жақын тұратындар серуендеу үшін орталық алаңға немесе тағы басқа жерге бармайды. Өздеріне жақын жерде-ақ таза ауамен тыныстап, ашық аумақта тынығып қайтады. Оның үстіне Сұлтан Бейбарыс көшесін жағалай орналасқан жаяу жүргіншілер жолы да серуендеуге таптырмас орын. Ол жолға да арнайы жарық шамдары мен орындықтар орнатылған.

Соңғы уақытта тұрғындар көп жүретін арбаттың да жөндеуден өтіп жатқанын байқадық. Бұл арбатта қалалық күйбең тіршіліктен шаршағандар жанға жай таба алады.

Оның үстіне «Достық үйін» көмкеріп тұрған жарық шамдары арбатты жаңаша бір кейіпке ендіргендей. Дәл осы маңай тұрғындардың уақытын таза ауа аясында өткізу үшін қолайлы болып тұр. Ал Назарбаев даңғылында орналасқан жаяу жүргіншілердің ас-

палы көпірі тіптен сұлу. Даңғыл жолда келе жатқан жүргізушінің көзіне алыстан түсетін бұл көпір өте әсерлі.

Қысқасы қала келбеті күн санап артып келеді. Әсем шаммен өрнектелген сұлулық әр тұрғынға жылулық шашып тұратындай.

P.S. Ресейдің мәдени астанасы Санкт-Петербургтың бірден-бір ерекшелігі – «ақ түндерге» орануы. «Ақ түндер» – түнгі уақытта қараңғы түспейтін, жарық болып тұратын табиғи құбылыс. Мұндай кезең Питерде мамыр мен шілде айының ортасына дейін болады. Дәл осы кезеңде қалада түрлі мәдени шара ұйымдастырылып, қала тұрғындары сауық-сайран құрады. Керемет қой, иә?

Енді сол «ақ түндер» Қызылордада бар дегенге сенер ме едіңіз? Иә, табиғи емес, адам қолынан жасалған «ақ түндер». Бірақ Қызылордадағы ол «ақ түндер» түрлі-түсті сәуле шашады. Сол сәулелерімен көрген көзді өзіне еріксіз баурайды. Ол таңдай қақтырар көріністен мен де кенде қалған жоқпын. Ессесіне арманда жүрген Питерге барып келгендей сезіндім. Себебі Қызылорданың түні күнде жарық. Дәл осы сәт менің Қызылордаға деген махаббатымды арттыра түскендей.

A. БІРКЕНОВ

ЖАҢАРҒАН АРБАТ, КӨРКЕЙГЕН КӨШЕ



Қызылорда қаласының келбеті ажарланып, атқарылған жұмыстар ауқымды. Оған бұған дейінгі – Ыбырай Жақаев көшесінен басталатын арбат бойында жүріп жатқан құрылыс жұмыстарын дәлел етуге болады. Бүгінде мұнда қызу тірлік жүреді. Алдағы уақытта жана арбатқа 3 субұрқақ салынып, 18 кіші архитектуралық форма орнатылады. Бұл туралы қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Далабаев шаһардағы абақтандырылып жатқан нысандарды аралау барысында айтты.

Ы. Жақаев көшесін жаңғырту өткен жылдың аяғында басталды. Қазір кеспе тас төсеу жұмыстары жүреді. Сондай-ақ арбат бойында қаланың сәнін ашып, тұрғындарға қолайлы демалыс орын қалыптастыру мақсатында субұрқақтар салынатын болады. Сонымен бірге сәнді архитектуралық формалар, жаңа орындықтар, жаңарған түнгі жарықшамдар орнатылады.

– Мұндағы жұмыстар мамыр айында аяқталып, жаңарған арбатта ел емін-еркін серуендей алады. Алдағы уақытта орындықтар, түнгі жарық шамдары, коқыс жәшіктері қойылады, – дейді қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар

көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы.

Одан әрі Әйтеке би көшесіндегі абақтандыру жұмыстарымен танысқан Біржан Далабаев бұл көшенің жабылмайтынын айтты.

– Әйтеке би көшесінде 5 мемлекеттік мекеме, 60-тан аса кәсіпкерлік нысан орналасқан. Көшені арбатқа айналдыру осы нысандардың жұмысына айтарлықтай кедергі келтіреді. Қала орталығындағы күре жолдың бірін жабу көлік қозғалысын да қиындатады. Біз осы жағдайларды ескеріп, зерделей келе көшені арбатқа айналдырмауға шешім қабылдадық, – деді Біржан Далабаев.

Қазіргі таңда Әйтеке би көшесінің қос қапталы да жаңарған. Бұл жұмысқа 60 адам тартылды.

Келесі нысан Ғани Мұратбаев атындағы орталық стадион болды. Облыстық бюджеттен қаржы қаралып, «Энергомонтажналадка» ЖШС стадион алдына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Алдағы уақытта стадион алдына үлкен субұрқақ салынады. Сонымен қатар орындықтар мен коқыс жәшіктері, түнгі жарық шамдары орнатылмақ. Мердігер мекеме басшысы брусчатканы арнайы Алматыдан алдырып жатқанын, қыста суыққа төзімді, қар жауған жағдайда адамның аяғы таймайтынын айтты.

АҚЖАРМАДАЙ ӘДЕМІ АУЫЛ БАР



Ауыл – әрбір адам үшін өте қымбат, ыстық. Ол – бізге дейінгі сан толықнын кестерлі ордасы, қаны мен маңдай тері тамған киелі мекені, алтын бесігі, салт-дәстүрі, өлең-жыры, өнері, мәдениет пен адамгершілік ортасы. Осындай құт қонған берекелі елді мекеннің бірі – қалаға қарасты Ақжарма ауылдық округі.

Жұмабек Әлиев басқарып отырған Ақжарма ауылының келбеті алыстан көз тартады. Жөнделген түзу көшелер, әдемі үйлер... Бүгінде мұндағы халық саны 2385 адамды құрап отыр. Бұл округке Баймұрат батыр ауылы мен Талдыарал елді мекені кіреді. Мұнда айшықты істер атқарылып келеді. Ауылға кіре бергеннен елді мекен тазалығы, тартымдылығы бірден көзге түседі.

Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ



ГЕРМАНИЯДА ҚАРТТАРҒА ДА ВАКЦИНА САЛЫНАДЫ

Еуроодақтағы бірқатар ел AstraZeneca вакцинасын 65 жастан асқан адамдарға салудан бас тартқан еді. Франция, Италия, Бельгия мен Германия елдері екіп-ші шығарушы компания оның әсерлілігі туралы аз ақпарат бергендіктен бас тартқан. Алайда 4 наурызда Германияның канцлері Ангела Меркель вакцинаға деген көзқарасы өзгергенін айтты. Бұл туралы BBC арнасы «Covid-19 Германия 65 жастан асқандарға AstraZeneca вакцинасын салуға рұқсат берді» атты арнайы бағдарлама дайындады.

Арнадың хабарлауынша, Германия Oxford-AstraZeneca вакцинасына деген көзқарасын өзгертіп, елде жастағыларға аталған вакцинаны егуге рұқсат берген. Бағдарлама авторларының айтуына қарағанда өлдегі денсаулық сақтау басқармасы аталған вакцинаны 65 жастан жоғары тұрғындарға егуге рұқсат бермегендіктен халық екіге сенімсіздік танытқан. Соның әсерінен елде көптеген доза қолданылмай қалған.

Түрлі зерттеулер нәтижесі AstraZeneca вакцинасы елде жастағыларға да жақсы әсер ететінін дәлелдеген. Осыдан соң Бельгия үкіметі осы аптада Франциядан кейін қарттарға вакцина салдыруға рұқсат беретінін айтқан.

Өзгеріс германиялықтардың тек 5 проценті ғана екіп-ші алғашқы дозасын салдырған. Енді Меркель вакцина салдыратын адам қатарын көбейтуді көздеп отыр деп тұжырымдайды арна тілшілері.

ЕО-ның медициналық реттеушілері қаңтарда AstraZeneca вакцинасын барлық жастағы адамдарға әсер ететінін хабарлаған. Франция президенті Макрон қаңтарда «вакцина үлкен жастағыларға тиімсіз» деп жариялады. Алайда Ұлыбритания үкіметі бұл тұжырымдаманың жалған екенін айтты. Осы сөздер AstraZeneca-ның сатылымы мен вакцинаулау науқанының тұралап қалуына әкеп соқты.

Ал бұған дейін кез келген жастағы адамға тиімді деп екіп-ші салуды бастаған Ұлыбритания алғашқы дозаны 20,7 млн адамға ұсынды. Осыған байланысты өткен аптада Неміс иммунология қоғамының басшысы Карстен Ватил AstraZeneca екіп-шісіне деген ойын өзгертуді сұрады.

BBC арнасына берген сұхбатында ол атқарушы органға вакцинаны қарттарға салдыруға рұқсат беріп, Ангела Меркельге тікелей әзірде оның қауіпсіз екенін дәлелдеу керектігін айтты.

Вакцинаулау науқаны жосардайдай өтсе елде шектеу шаралары жеңілдетілмек. Бұл туралы канцлер AstraZeneca вакцинасын барлық жастағыларға салуға рұқсат беру туралы жиын өткізгенде хабарлады. «Жұқтырушылар қатары күрт көбейсе «шұғыл тежеу» шаралары қабылданады» деді Меркель. Сонымен қатар ол пандемияның жана толқыны басталғанын, оған жақсылап дайындалу қажеттігін айтты.

The New York Times

МЬЯНМАДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС: 38 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

Ақпанның басында Мьянмада әскери қақтығыс басталған еді. Оған қазанда өткен парламенттік сайлау сөзбекер болған. Үкіметті әскери басып алуды елдегі қарулы күштердің бас қолбасшысы Мин Аун Хлайн бастап, президент пен басқарушы партия басшысын қамауға алды. Кейін президент міндетін вице-президент Мына Шве атқарса, Мин Аун Хлайн мемлекеттік басқаруды қолға алды. Қақтығыста 38 адам қаза тауып, елдегі ең «қанды күн» деп жарияланды. Осыған байланысты «The New York Times» газетінің тілшісі Рик Гладстон «БҰҰ Мьянмадағы «қанды күнде» қақтығыс басталғалы 38 адам қаза тапты» деген мақала жариялады.



Тілші мақаланы БҰҰ Мьянмадағы өкілі Кристин Шранердің сөздеріне сүйеніп жазады. К.Шранер адам өлімі туралы ақпарат хунтаның БҰҰ-ға жіберген өкілі аяқ асты отставкаға кеткенде хабарланды деді.

Мақала авторы сәрсенбідегі оқиғаның басты себебі наурыздағы БҰҰ қауіпсіздік ұйымы АҚШ-тың жұмада ахуалды реттеу үшін кездесу жариялаған болуы мүмкін деп тұжырымдайды. 1 ақпандағы көтерілістен кейін Мьянмада хаос орнап, әскери хунта басшылар мен партия өкілдерін қамауға алған. Ал қауіпсіздік күші төңкеріс жасаушыларға ең ауыр деген әдістерді қолдану арқылы оқиғаны ұшықтырған.

Үш жыл бұрын Мьянманы бақылаушы болып сайланған швейцариялық дипломат Бургенер ханым баспасөз конференциясында хунталар оны елге кіргізбегенін айтты. Ол көтерілісшілерге халықаралық қуғынға ұшырайтынын ескертіп, берілуін сұрағанда олар «Біз санкцияларға үйрендік», «Біз тек өзімізге ғана қажетті елдермен араласуды үйренуіміз керек» деп жауап берген. Сондай-ақ Мьянманы бақылаушы ханым оған халық атынан халықаралық әрекет жасап, репрессияны тоқтату туралы өтініш хаттар келіп жатқанын хабарлады.

«Бүгін ең «қанды күн» болды. Тек бүгін ғана 38 адам қаза тапты» деді Бургенер өз сөзінде. Бірақ ол мұндай ақпаратты қайдан алғанын және бұл өлім қай жерде тіркелгенін айтпаған. Мақала авторы бұл ақпарат нақтыланса, онда 18 адам өлген жексенбідегі нәтиженің де алдына шығады деп жазады.

Тілші мұның барлығын Бургенер Мьянманың дипломатиялық өкілдігіне деген БҰҰ сенімсіздігі арта түскендіктен деп пайымдайды. Себебі елші У Чжо Мо Тун әлемдік аренада эмоционалды сөз сөйлеп, хунта басшыларын айыптаған. Бұл өз кезегінде оны дипломаттар мен демократиялық белсенділер арасында «бұйыртпа» айналдырды. Сонбде генералдар оны жұмыстан шығарғанын, ал БҰҰ-ның ресми өкілдері Чжо Мо Тун «ресми хат» арқылы Мьянманың ресми өкілі болып қала беретіні хабарлағанын айтты. Десе де Мьянма сыртқы істер министрлігі Мо Тунның елдің ресми өкілі емес, енді оның орынбасары У Тин Маунг Нанг БҰҰ-ның басты дипломаты деп жариялаған.

Бірақ У Тин Маунг Facebook парақшасында ешқандай түсінідіріс отставкаға кеткені туралы жазба жариялады. Гутерриштің көмекшісі Стефан Дужарик олар У Тин Маунгті отставкаға кететінін біліп, бірақ «ешқандай ресми хат» келмегенін айтты. Осы мәселелердің нәтижесінде БҰҰ қарама-қайшы мәліметтердің тінін тарқтау үшін барлық ақпарат дипломатиялық өкілдікке қатысты туындаған дауларды шешетін Бас Ассамблеясына ұсынбақ. Қысқасы, автор Рик Гладстон Мьянмадағы дауды шешуге Біріккен Ұлттар Ұйымы комитесінің келгенімен, ел үкіметі бұрыс ақпарат беріп келіп отырғанын жазады. Сондай-ақ тілші елдегі ахуал аз уақыт ішінде шешілмесе қиындап кетуі мүмкін деп тұжырымдайды.

АУЫЛ МЕШІТІ ЖАҢАРДЫ

Ақсуат ауылдық округінде ауыл мешіті жөндеуден өтті. Елді мекендегі «Әліарыстан ата» мешіті күрделі жөндеуден өтіп, ғибадат үйі өткен аптада ел игілігіне пайдалануға берілді. Ауыл халқының қуанышы еселенді. Мешіттің ашылу салтанатына қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев және Ақмешіт-Сырдария мешітінің бас имамы, ҚМДБ өкілі Болатбек Ұласқанұлы қатысты.

Жиында қала әкімінің орынбасары Асқарбек Темірбекұлы мешіттің ел игілігіне берілуіне себепкер болған Шәркүл Әліарыстанқызына қала әкімі атынан құрмет көрсетіп, қаланың жоғарғы марапаттарының бірі «Құрмет» грамотасын табыс-талды. Сондай-ақ, ауыл халқына құттықтауын жеткізді.

— Ғибадат үйі тұрғындарға тура жолды көрсетіп, жастарды имандылыққа бастайтын игілік пен берекенің ордасы боларына сенім мол. Жаңа мешіттің ашылуымен барша ауыл тұрғынын құттықтаймын, — деді.

Жалпы аталған нысанның іргетасы 2005 жылы қаланған. Өткен жылы ескі мешіт жөндеуден өтіп, кеңейту жұмыстары жүргізілген болатын.

Бүгінде құрылыс жұмысы мерзімінде бітіп, рухани ордаға келуші жамағат үшін барлық жағдай жасалған. Үш жүз адамға лайықталған мешітте ерлер және әйелдер залы, медресе, асхана секілді қосалқы нысандар қосылған. Өзінің бұрынғы атын сақтап қалған мешіт қасиетті жұма күні жамағатқа қайта есігін ашып отыр.

Мұнда көпшілік құлшылық жасаумен қатар, жастарға діни білімін жетілдіруге де мүмкіндік бар. Ол үшін білікті маман бекітіліп, 70 адамға арналған медресе жұмыс істейтін болады. Оған қоса мешіт жанынан 300 орындық асхана да бой көтерді.

— Осыдан 15 жыл бұрын 100 адамға лайықталып салынған мешітіміз



кеңейтіліп, бүгін 300 адамдық жаңа мешітті пайдалануға берудеміз. Мешіт құрылысын жүргізіп, ел игілігіне беруге себепші болғанымыз болмаса, мешіт халықтық, — деді Шәркүл Әліарыстанқызы.

Айта кетейік, бүгінде елімізде екі мыңнан астам мешіт бар. Оның ішінде 174 мешіт Сыр өңірінде

орналса, 19 мешіт Қызылорда қаласында бой көтерген. Қазіргі таңда қаламыздағы мешіттің діни қызметкерлерінің білімін жетілдіру мақсатында республика, облыс орталықтарынан арнайы теологтар шақыртылып, дәрістер берілуде.

«Ақмешіт-ақпарат»



ТАЗАЛЫҚ ТАЛАПҚА САЙ БОЛУ КЕРЕК

Жаңа нысандар бой көтеріп, әсем шаһардың көркі кірген сәтте тазалық жұмысы еселене түсті. Талап пен міндет артып, қала орталығы ғана емес, шеткері аумақ та мұнтаздай таза болу керек деген талап тағы күшейді. Бұл бағытта «Қызылорда тазалығы» ЖШС тыңғылықты тірлік атқарып, қаланы қоқыстан арылтуға қадм жасауда. Алайда ұзақ жылғы тәжірибе мен жұмыс күші жеткілікті мекемеде әлі де болса қордаланған мәселе баршылық. Осыған орай қалалық мәслихаттың тұрғын үй, коммуналдық шаруашылығы, өндіріс және экология мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы өтіп бірнеше мәселе талқыланды. Жиында «Қызылорда тазалығы» ЖШС-нің атқарған жұмысы мен алдағы жоспары сараланып келенсіздіктерді шешу жайы зерделенді.

Комиссия мүшелері алдымен Белкөл кентіндегі тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау кешенінде болып, жұмыс барысын саралады. Өткен жылы қолданысқа берілген қатты қалдықтарды сұрыптау кешені Белкөл кентінде 4 шақырым қашықтықта орналасқан. Жаңа полигон жоспарға сай жұмыс істеп, жылына 60 мың тонна тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптауға қауқарлы.

— Қазіргі таңда кешен өнімді жұмыс істеуде. Кәсіпорын қоқыстарды екінші деңгейлі сұрыптау, қатты қысыммен нығыздау, қалдықтарды көму секілді жұмыстарды атқарады. Ал сұрыпталған шикізат өзге өңірге жөнелтіледі. Алдағы уақытта дайын өнімді Қызылордала шығаруды көздейміз, — деді «Қызылорда тазалығы» ЖШС қатты қалдықтарды сұрыптау кешенінің басшысы Ермұрат Мансұров.

Комиссия құрамы «Қызылорда тазалығы» ЖШС-не де бас сұғып, тазалаушы техникалардың жай-күйі, қордаланған мәселелер төңірегінде мекеме мамандарымен тікелей тілдесуге мүмкіндік алды. Мекеме өкілдері техникалардың жиі істен шығуы тұрғындардың арнайы талаптарды сақтамай, қоқыс мөлшерін шамадан тыс артуынан деген уәж айтты. Сондай-ақ жалақының аздығынан жұмысшылар жиі ауысып, жұмыс күшінде қиындықтар тууы. Мамандар қоқысты оңды-солды шашу, құрылыс қалдықтарын тастау секілді келенсіздіктерді де айта кетті.

Жиын соңында тұрақты комиссия отырысы өтіп, аталған мәселелермен қатар, қаланың тазалығын қамтамасыз ету, серіктестік қызметкерлерінің еңбекақысын көтеру, оларды ынталандыру мәселесі талқыланды. Сондай-ақ орталық полигонға полиэтилен материалдарын нығыздайтын арнайы техникалар алу, қаланың жеке секторлардағы тұрғындардың қоқыс контейнерлерін орнатуын қадағалау секілді ұсыныс-пікірлер комиссия қаулысына енгізілді.

Е.БАЛТАБЕКУЛЫ

Елімізде 2020 жылы туберкулезбен аурушандық көрсеткіші әр 100 мың адамға шаққанда 35,7 процентті көрсеткен. Жалпы бұл ауа арқылы жұғатын ең бір қауіпті аурудың бірі болғандықтан оның алдын алған маңызды. Жакында «Белая ромашка» қоғамдық бірлестігі атқарған қызметі мен алдағы жоспарымен дөңгелек үстелде бөлісті.

АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛҒАН МАҢЫЗДЫ

Аталған ұйым өткен жылы елімізде тіркелген 335 адамның 31-ін анықтаған. Бірлестік көбіне әлеуметтік алжауз топ арасында «Туберкулездің алдын алу» және ем тәртібін бұзғандарды емге қайта қосумен айналысады. Сондай-ақ тұрғылықты мекен-жайы жоқ адамдардың жеке құжаттарын қайта рәсімдеуге, арнайы мемлекет тағайындаған жәрдемақы алуға көмектеседі.

— Туберкулез қауіпті ауру болғанымен одан емделіп шығуға болады. Десе де күн сайын әлем бойынша 4000-ға жуық адам осы ауруға деген шағыммен дәрігерге жүгінеді екен. Қазіргі кезде елімізде бұл ауруды емдеуге толық мүмкіндік жасалған. Сол себепті туберкулезбен тек медицина мамандары емес күллі қоғам болып күресу маңызды. Бұл орайда «Белая ромашка» қоғамдық бірлестігінің үлесі зор. Ұйым бойынша 2016, 2019 жылдары жергілікті бюджет есебінен грант ұтып алған болса, өткен жылы жаһандық қор есебінен грант иеленіп, арнайы бағдарлама бойынша жұмыс атқарды. Осылайша «Белая ромашка» туберкулезді анықтау мен емдеуге өз үлесін қосып келеді, — деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының маманы Жалғасбек Тұрлыбекұлы.

«Белая ромашка» өткен жылы жаһандық қордың «Халықтың осал топтары ішінде туберкулез көптеген дәріге төзімді туберкулез және ТБ/АИТВ-ны бақылауда азаматтық сектордың рөлін күшейту» атты бағдарламасының грантын жеңіп алып, жоба бойынша жұмыстар атқарды. Бағдарлама аясында қоғамдық қор координатор, әлеуметтік қызметкер, есепші мен 11 аутичтан тұратын топ құрды. Аутичтар қалалық емхана мен аудандарға бөлініп қызмет атқарған. Олар ай сайын 40 адамға сауалнама жүргізіп, ауру туралы ақпаратпен таныстырған. Ұйымның атқарған жұмысы нәтижесінде 185 науқас тексеруден өтіп, 35-і есепке алынды. Сондай-ақ 5 науқасқа жеке куәлікті рәсімдеуге көмектесіп, 7 науқасты бейімдеу орталығына орналастырды.

Билі өз жұмысын жандандырып, інеттің алдын алуға үлес қосуды жоспарлап отыр. Билі ДДСҰ бастамасымен «Туберкулезден әлемді жарықтандыру» атты күллі әлемдік науқанды бастады. Бұл науқанға Қазақстан да өз үлесін қосып, адамзатты туберкулезбен күресуге шақырmaq. «Белая ромашка» ұйымы да осы науқанға үлес қосып, 24 наурызда арнайы шара өткізбек. Одан бөлек, аймақтағы туберкулезді жұқтыру көрсеткішін азайту, оның алдын алу үшін тұрғындарды ақпараттандыру да ұйымның басты мақсаты болып қала бермек. Бұл мақсатқа жету үшін өңірдегі денсаулық сақтау басқармасы, бейімдеу орталығы және тұрғындармен тығыз байланысты күшейтпек.

Қысқасы «Белая ромашканың» көздеген мақсаты — туберкулезбен күрес тек дәрігердің ғана емес, барлық адамның ісі екенін түсіндіру. Ерте анықталған ауруды жеңу оңай болғандықтан, туберкулезден айығып шыққандар санын арттыру. Барлық адамға бірдей көмек беріп, ауруды жұқтыру қаупін азайту. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін қоғамды туберкулезге қарсы күрес айлығын нәтижелі жұмыспен өткізуге шақырады.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

Мемлекеттік бағдарламалар бойынша кәсіп ашып, ауылдағы ағайынға қызмет етуде. Өткен жылы кәсіпкерлік нысан саны 113-ке жетіп, жалпы есеппен 84 адам жұмыспен қамтылды. 2020 жылы кәсіпкерлікке оқыту курстарына барлығы 23 адам тіркеліп, 10-ы сертификат алды. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында ауыл тұрғындары 10 жоба ұсынып, оның 7-і қолдау тауып, жалпы құны 29,3 млн теңге несие берілді. Қайтарымсыз грант бойынша жалпы құны 4,394 млн теңгенің 8 жобасы қаржыландырылды.

АҚЖАРМАДАЙ ӘДЕМІ АУЫЛ БАР

КӘСІП ЕТІП, МАЛ БАҚҚАН

Бұл ауылдағы тұрғындардың басым көпшілігі мал шаруашылығымен айналысады. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша кәсіп ашып, ауылдағы ағайынға қызмет етуде. Өткен жылы кәсіпкерлік нысан саны 113-ке жетіп, жалпы есеппен 84 адам жұмыспен қамтылды. 2020 жылы кәсіпкерлікке оқыту курстарына барлығы 23 адам тіркеліп, 10-ы сертификат алды. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында ауыл тұрғындары 10 жоба ұсынып, оның 7-і қолдау тауып, жалпы құны 29,3 млн теңге несие берілді. Қайтарымсыз грант бойынша жалпы құны 4,394 млн теңгенің 8 жобасы қаржыландырылды.

Ауыл тұрғындарының негізгі кәсібі — ауыл шаруашылығы.

— Округте 2800 гектар инженерлік жүйеге келтірілген жер бар. Ауылдағы 18 жеке шаруа қожалығы 9 инвесторға «Мағжан и К», «Қызылорда НҚ Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері, «Рахметулла», «Меруерт», «Болтаева», «Қайрат», «Мақсат», «Нұржан М», «Шанырақ» ШҚ бірігіп, күріш, жоңышқа егілді. Өткен жылғы егін жинау науқанының қорытындысымен ауылдық округ бойынша 7761 тонна күріш жиналды. Аталған шаруа қожалықтарының барлығы «Агробизнес-2020» бағдарламасы аясында мемлекеттен тиесілі қолдау субсидияларына ие болды, — деді ауыл әкімі.

ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Денсаулық саласындағы басты талап — медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету. Осы бағытты ұстанған қалалық №9 емханаға қарасты 1 медбекет, 1 дәрігерлік емхана халыққа қызмет көрсетуде. Ауылдық округтегі медициналық пунктке жедел жәрдем көлігі беріліп, уақытылы медициналық көмек жасалуда.

Басы 1-бетте



Дәрігерлердің жүйелі жұмысының нәтижесінде есепті мерзім ішінде ана мен бала өлімі тіркелген жоқ. Ауылда орналасқан облыстық наркологиялық орталықтың медициналық әлеуметтік оңалту бөлімшесіне күрделі жөндеу жүргізілуде.

ЖАРЫҒЫ ЖАРҚЫРАҒАН ЖОЛДАР

Ауыл әкімі Жұмабек Әлиевтің айтуынша, елді мекеннің инфрақұрылымы назардан тыс қалған емес. Жыл сайын әр бағыт бойынша жұмыс жүргізілуде. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде Баймұрат батыр ауылындағы М.Шоқай көшесіне 2 млн 336 мың теңге қаржыға көше жарығы орнатылды. Ауыл бойынша барлығы 18 көшенің 11-не 206 көше жарығы бағанасы орнатылған. Сондай-ақ орталық алаң абаттандырылып, спорттық тренажерлер қойылды.



Жергілікті бюджеттен Талдыарал елді мекеніндегі Талдыарал көшесіне орташа жол жөндеу жұмысына ұзындығы 1,2 шақырымға қаржы қаралып, жұмыс толығымен аяқталды. Сонымен бірге «2020-2021 жол картасы» бағдарламасы аясында ұзындығы 3,3 шақырым болатын 6 көше бөліктері орташа жөндеуден өтті. Оған қоса ұзындығы 500 метр, ені

3 метр болатын қырман көшесі демеушілік арқылы асфальтталса, осы жұмыстың нәтижесінде Баймұрат батыр ауылы мен Талдыарал елді мекеніндегі бұрыннан қалыптасқан орталық көшелерінің барлығы асфальтталды.

АУЫЛҒА АУЫЛ ҚОСЫЛЫП...

2019 жылы желтоқсан айына дейін Ақжарма ауылдық округіне қарасты 4 елді мекен болса, облыстық мәслихаттың шешіміне сәйкес Қалғандария елді мекені таратылып, Құбас елді мекені Талдыаралға қосылды.

— Қалғандария елді мекен тұрғындарын көшіру мақсатында округке қарасты Талдыарал ауылының аумағынан жеке тұрғын үй құрылысы үшін 216 азаматқа, оның ішінде Қалғандария елді мекенінің 33 тұрғынына жер учаскелеріне уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын табыстау жөнінде қала әкімдігі жанындағы жер комиссиясының оң қорытындысы

қабылданды, — деді ауыл әкімі Ж.Әлиев. Жаңадан берілген жерлерге инфрақұрылым тартылды. Ауыл аумағы кеңеюде. Округтің учаскелік полиция инспекторы қылмыстың алдын алу мен оны болдырмаудың түрлі бағыттары бойынша өз жұмысын атқарып келеді. Басты мақсат — ауылдың қауіпсіздігін, тыныштығын сақтау. Соған орай учаскелік полиция инспекторы демалыс және мереке күндері ауыл тұрғындарымен түнгі кезекшілікке шығуды қолға алған.

— Өткен жылы бірзас атқарылды. Әлі де жасалатын жұмыс жетерлік. Соның бәрі тұрғындардың бірлігі мен толымды тірлігінің арқасында жүзеге асуда. Ауыл гүлденсе, халқымыз үшін зор қуаныш екені сөзсіз. «Ырыс алды — ынтымақ» дегендей барша адам туған жерін түлетіп, оның дамуына атсалысуы керек, — деді Ж.Әлиев.

Міне, Ақжармадағы айшықты істерді көріп, халқының тыныс-тіршілігімен танысып, қазақтың бір берекелі ауылын көргендей сезіндік. Ауылдың жағдайы қаладан кем емес.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

■ АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?

Бұл қала еліміздегі үшінші мегаполис. Республиканың оңтүстігінде орын тепкен шырайлы қала туралы естімеген жан жоқ шығар, сірә! Иә, «Атамекен, мен сені білемін бе?» айдары бұл жолы Шымкент өңіріне жол тартпақ.

ГҮЛДЕНГЕН ҚАЛА

Халық аузында Шырайлы Шымкент аталған бұл шаһар ерте кезден-ақ бау-бақшалы, жасыл қала атанған екен. Ғалымдар тарихи деректерге сүйене отырып, Шымкентті түркінің «Шым», иранның «кент» деген сөздерінен құралғанын, кей деректе иранның «чиминь-чемень» – көгалды, гүлденген алқап деген сөзіне кент сөзінің жалғануы арқылы «Гүлденген қала» мағынасын бергендігін айтады.

Тарихи әріге тартқан шаһар туралы алғаш парсы тарихшысы Шарафад-Дин Әли Йазидидің «Зафар Наме» атты кітабында кездеседі екен. Бұл 1365-1366 жылдардағы Әмір Темірдің жорықтары туралы жазылған кітап. Кітапта қала адамдардың өмір сүруіне қолайлы, тау етегінде, өзен жағасында орналасқан, егіншілік пен жүзім алқабы, көгалды тау жайылымдары мал шаруашылығына қолайлы деп жазылады. Тарихтан белгілі, талай қақтығыстарды көрсе де бұл аймақ бау-бақшасы жайқалған, шаруашылығы өркендеп, қолөнері дамыған қала дәрежесін сақтап қалған. Шымкентті негізгі өнеркәсіптің, сауда және мәдени орталықтың бірі деуге болады.

ӨНЕРКӘСІБІ ӨРКЕНДЕГЕН АЙМАҚ

Кеңес заманында Шымкент Ресей мен Батыс Сібірді Орта Азиямен байланыстыратын негізгі транзиттік аймақ болған. Сауда-саттықтың дамығаны соншалық 19 мануфактуралық, 70 шақты шағын дүкен, 50 шайхана, 10 керуен сарай, тамақтанатын орын, арнайы үн дүкендері жұмыс істеген екен. Бұл XIX



ғасырдың соңына тұспа-тұс келеді. Ал XX ғасырда өнеркәсіп саласы өркендей бастайды. Осылайша май шайқайтын, тері илейтін, кірпіш шығаратын, мақта тазалайтын зауыттар іске қосылып, диірмен, ұстахана, сабын қайнататын орындар ашылады. Мұндай жеңіл өнеркәсіптің өркен жаюы тірлігі қызу халықтың тіршілігін одан әрі жандандыра түскені анық. Бұл даму жолынан Шымкент күні бүгінде жаңылған жоқ. Сол бастапқы қалыппен өнеркәсіптік аймақ ретінде әлі де елімізде өзге өңірлерден озық тұр. Аймақтың атын асақатқан тағы бір өндіріс дәрі-дәрмек өндіретін сантонин зауыты болған. Сапалы өнім шығарған зауыттың дәрі-дәрмегі нарықта сұранысқа ие болып, шетелге экспортталған. Бір қызығы, осы зауыттың негізгі шикізаты саналатын дермене өсімдігі қаланың логотипінде бейнеленген. Әлемде сирек кездесетін, Қазақстанда 1883 жылы ашылған дермене сантонин өндірісі осылай шымкенттік брендке айналса керек. Бұл өндіріс ошағы әлі күнге дейін жұмыс істейді. Қазір «Химфарм» АҚ химия-фармацевтикалық зауыты атымен белгілі.

Өңір экономикасы соғыстан кейінгі жылдары қарқынды дамыды. Ауыр және жеңіл өнеркәсіп орындары ашыла бастады. Тұрғын үй құрылысы жанданып, жаңа мөлтек аудандар құрылды. Білім беру, медицина, мәдениет мекемесі, спорттық-сауықтыру кешені, дендробақ, зообақ бой көтерді. Өткен ғасырда іргесі қаланған бұл нысандардың ізі жойылған жоқ. Қазір оңтүстік шаһар еліміздің жетекші өнеркәсіп және экономикалық орталығы саналады. Мұнда түсті металлургия, машина жасау, химия, мұнай өндіру, құрылыс заттары, тамақ, киім өнеркәсібі бойынша 70-ке жуық кәсіпорын бар.



ШЫРАЙЛЫ ШЫМКЕНТ

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ЖҰРНАҒЫ

«Шымкент – шығыс мәдениетінің бар кереметін, сақтаған қазыналы қобдиша іспеттес. Шаһар тіл үйірет тағамдарымен және Ұлы Жібек жолының жұрнағындай болған шығыс базарларымен ерекше тартымды».

Шырайлы өлке қысқаша осылай сипатталады. Тарихи орындары мен экзотикалық аудандары, табиғаты тамаша облыс жыл сайын жан-жақтан келетін саяхатшылардан арылған емес. Бірнеше табиғи-климаттық аймаққа бөлінетін бұл қалада бір мезетте қарлы таудың арасынан қыздырылған құмды жерге ауысу қиын емес. Сондай-ақ мұнда қар барысы, аю, дала түлкісі, тауешкі, жайран, тағылан, борсық, Гималай ұлары мен дуадақ сынды аң-құстарды көруге мүмкіндік бар.

Иә, арнайы уақыт бөліп, демалысын жақсы өткізгісі келетін жандарға шымқалада саяхаттауға туристік агенттіктер де кеңес береді. Табиғаты ешкімнен кем түспейтін өңірдің тарихи, заманауи, табиғи демалыс орындары жетерлік. Әсіресе, рекреациялық қорға бай экзотикалық орын саналатын Қаратау бөктеріндегі Қызылкөл, «Бадам» шатқалындағы «Қырыққыз» туристік базасы,

елдің бірлігі мен туған жерге тағзым, құрметтің белгісі болған бұл алаң Шымкенттің заманауи сәулеті мен тарихи орны саналады.

Қаладағы тағы бір тарихи, көпшілік тәу етер орын – «Бәйдібек би» ескерткіші. Ұлттың ұйысуына ықпал етіп, елінің бірлігін берік еткен бидің құрметіне қойылған бұл кешеннің биіктігі 23 метрге жетсе, мүсіннің биіктігі 10 метр болады. Ал салмағы 9 тонна. Бұл мемориалды құрылыс еліміздегі ең биік ескерткіштер қатарына жатады.

Ел бірлігінің бүгінгі жеңісі, тәуелсіздіктің белгісі қалада осы екі монумент арқылы көрініс тапқан. Тарихи ескерткіштер келген қонақтардың табан тірейтін бірден-бір орны саналады.

РУХАНИ ДЕМАЛЫС МЕКЕНІ

Еліміздің тарихи мәдениетінің мәлім де беймәлім қырларынан сыр шертетін бірден-бір мәдениет ошағы да осы қалада орналасқан. Ол – «Қылу» этнографиялық мұражайы.

Этнографиялық мұражайды этно-дизайнер Кендебай Қарабалов жабдықтаған. Әрі ондағы барлық экспозициялар да соның жинағы. Онда халқымыздың ежелгі тұрмыс

салтын бейнелейтін саздан жасалған бұйымдар мен 10-нан астам музыкалық аспаптар қайта жаңғыртылып, келушілер назарына ұсынылған. Мұражайдың басты ерекшелігі оның бір бөлігінің жер астында орналасуы. Келушілерді ерекше қызықтыратыны да осы. «Қылу» деп аталатын жер асты мешіті тыныштық мекені іспетті. Мұнда келіп, қалаған аспаптан ән тыңдап, көзеші ұршығында қыш ыдыс жасап, сабақ алуға болады. Сондықтан бұл жерде көпшілік рухани үндестік мекені деп атап кеткен.

Тағы бір тыныштық мекені – Абдул Хамит Каттани мешіті. Көлемі 845,5 шаршы метрді құрайтын нысанға 2000 адам сыяды. Дәріс өткізетін, кітапхана, намаз оқуға арналған бөлме сынды 7 бөліктен тұратын мешіттің күмбезі алтын жалатылған. Сондай-ақ күмбез «Фатиха» сүресі мен «әл-Құрси» аятымен безендірілген.

ӨНЕР ОРДАСЫ

Шымқала тек жасыл табиғаты, киелі жерлері, туризмімен емес, өнерімен де танымал. Алғашқы драма театрлар, мәдениет сарайлары, мұражай, кітапхана сынды мәдениет ошақтары Шымкентте салынған. Елімізде ең танымал орындар қайраткерлерінің басым бөлігі де осы өңірде дүниеге келген. Мәселен, шымкенттіктер халық әртісі Хадиша Бөкеева, Құрманбек Жандарбеков, атақты композитор Шәмші Қалдаяқов, ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шахановпен мақтанады. Одан өзге қаншама дарынды түлеткен өңір еліміздің басты өнер ордасы саналады.

P.S. Шырайлы Шымкенттің көз тартар көрікті орындары тек мұнымен шектелмейді. Көне шаһардың сонау ескі заманнан беріге дейін жеткен мұралары, тарихи орындары, заманауи үлгіде салынған бір-бірінен асып түсер ғимараттары жетерлік. Оның бәрін көзбен көріп, көңілге тұю үшін уақыт бөліп, гүлденген қалаға сапар шеккен жөн.

Айдана СЕЙІЛ



батыс Тянь-Шань сілеміндегі «Ақмешіт» және «Біркөлік» демалыс аймағы, Сайрам-су шатқалындағы «Альтекс» спорт кешені, емдік минералдық бұлағы бар Сарыағаш шипажай аймағы туристердің қайта айналып келетін аумағы саналады. Одан бөлек заманауи ойын-сауық орталықтары, қонақ үй сервисі, аквапарктер қала тұрғындары мен қонақтары үшін қызмет етеді. Ал тарихи киелі жерлерге баруды жөн санайтындар үшін Арыстан баб, Домалақ ана кесенесі мен Отырар және Отырар оазисі, Ақмешіт үңгірі сынды орындар бар.

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ

Тарихта үш жүздің басын қосып, елді бірлікке шақырған жиын өткен Ордабасы тауы туралы білмейтіндер кемде-кем. Бүгінде бұл тарихи орын «Ордабасы» алаңы аталады. 2009 жылы алаңнан Тәуелсіздіктің тұғыры ретінде биіктігі 34 метр болатын үш қырлы «Жер-Ана» монументі бой көтерген. Монументтің ең басында әйел сұлбасы бейнеленген. Тәуелсіз



Достың орны бөлек...

Достық – адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдде, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нағыз достық адамға шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиындықты бірге көтеруге жәрдемдеседі. Дос-жарандардың мінездері әртүрлі болып келуі мүмкін. Мысалы, біреуінде қызбалық не шабандық, екіншісінде тұйықтық не жігерсіздік байқалса да, бұлар достыққа кедергі бола алмайды, қайта

нағыз достық осындай кемшіліктерден арлыуға көмектеседі.

Қазір бізге достық бұрынғыдан аса қажет. Достық – бұл өмірдегі ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық. Достық қатынасқа нәзіктіктен қарап, берік сақтау керек. Өйткені ол да баптауды қажет ететін нәзік өсімдік сияқты. Сенім мен жарқын көңіл – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады.

Біз дос туралы ұғымды мектеп қабырғасында жүргенде бастауыш сыныптан аңғарамыз. Бұл жастағы

балалар дос деген ұғымды сол қалпында сақтап, өмірде шын дос болады деп, өзі бірге ойын ойнайтын құрбысын досы деп санайды. Анасы мектепте қарны ашса жейсің деп сөмкесіне салып берген бір үзім нанды досымен бөлісіп жейді. Балалардың мектептегі қарым-қатынасы, бір-біріне көмектесуі балалық шақтағы достықты қалыптастырады. Осылайша қай кезде, қай жаста болса да, адам өміріндегі достықтың орны бөлек болмақ.

Г.ДАНЕВОВА,
Облыстық қамалетке
толғағандарды бейімдеу
орталығының тәрбиешісі

Қызылорда қайырымды қалаға айналады

Биыл жұмыссыздықты жою мақсатында 1673 адамға жана жұмыс орны ашылды. Оның 746-сы тұрақты жұмысқа орналасқан. Азаматтардың барлығы әлеуметтік көмек алушылар қатарынан. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гаухар Қалмақова айтты.

Басқарма басшысының айтуынша, жұмыспен қамтуда әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған отбасындағы еңбекке қабілетті азаматтарға басымдық берілген. Оған қоса мемлекеттік көмек ретінде берілетін жәрдемақы бар. Бұдан басқа биыл қайырымдылық акциясын ұйымдастыру көзделіп отыр. «Қайырымды істер марафоны» деп ата-

латын акцияда мұқтаж жандарға жан-жақты көмек көрсету қарастырылған.

– Біздің мақсат аз қамтылған көмекке мұқтаж отбасыларға жәрдемдесу. Соңғы 3 жылда 45 отбасыға баспана берген екенбіз. Осы наурыз айында да жағдайы төмен 2 отбасыға баспана беру жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, жыл басынан бері 570 отбасыны көмірмен

қамтамасыз еттік, – дейді Зекет қайырымдылық қорының басшысы Онталап Жидебас.

Қайырымдылық шарасы «Бақытты отбасы» орталығы арқылы өткізіледі. Бұл аз қамтылған отбасылардың тиісті көмектен қалыс қалмауын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ облыста қайырымды іспен айналысып жүрген барлық үкіметтік емес ұйымдар мен қорларды біріктіру арқылы әрі аталған орталық берген тізім бойынша тиісті көмек нағыз мұқтаж отбасы берілімек.

«Ақмешіт-ақпарт»

ӨНЕР ДОДАСЫ

ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, олең сөздің дүлдүлі Жамбыл Жабаевтың туғанына биыл 175 жыл. Мерекені тойлау республика көлемінде басталған еді. Соның бірі Қарауылтобе ауылдық округіндегі №179 Айтбай Хангелдин атындағы орта мектепте Жамбыл Жабаев апталығы басталды. Білім ордасы «Жүз жыл жырлаған жүрек» атты оқушылар айтысын ұйымдастырды. Сөз бәйгесі Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналды.



Жыр додасында каланың әр түрлінен келген өнерлі өрендер өз ойларын өлеңмен өріп, сөз сайысында өзара тартысқа түсті. Көпшіліктің көңілінен шыққан балғын айтыскерлер балаға тән бал тілімен айтыс өнерінің

шоғыры биік екендігін көрсетіп бақты. Сахнаға шыққан жұптар сүбелі сөз саптап, сергек ой танытты. Табан асты қойылған сауалға жауап қайтарып, бойында суырыпсалмалықтың бар екендігін танытқан таланттар да жоқ емес.



Жамбыл – қазақ жырының алдаспаны. Бүгінгі долада бақ сынаған өрендер биік деңгейде өнер көрсетті, тақырыпты жан-жақты аша білді. Ұлы бабаларының рухына жырмен ескерткіш қойды. Талаптың оты арындаған жас таланттар қазақ айтысының болашақ жұлдыздарына айналды деп сенеміз, – деді №179 Айтбай Хангелдин атындағы орта мектептің директоры Асқар Садықов.

Суырыпсалмаайтыскерлермен қатар жазба ақындар да өнерін ортаға салды. Өлеңдеріне ақындық арқау еткен оқушылар тол-

ғаныстарын мәнерлеп оқып, келген қонақтардың жүрегіне жеткізе білді. Сүбелі сөздің мән мағынасына мән берген қазылар айтыс қатысушыларын дипломдармен марапаттады.

Қазылар алқасы сайысқа қатысушылардың сөз қолданыстарын, ой жүйелілігі мен терендігін, көркемдік ерекшелігін, дауыс мөнері мен тіл тазалығын, сахна әдеби басты назарға алып сайыстың жүйріктерін анықтады. Нәтижесінде оқушылар айтысының бас бәйгесін №187 орта мектептен келген Нұржігіт Бихожа алды. Жұлделі I орынды

№179 Айтбай Хангелдин атындағы орта мектептің шәкірті Айткүл Мырзабай иемденсе, II орын №144 орта мектептің оқушысы Әлімжан Оңайбаға бүйірсе, ал III орынды Жамбыл Сүлеев олжалады.

Мұнан бөлек білім ордасында «Жамбыл Жабаев – Ұлы дала жыршысы» атты оқушылар арасында мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ
Суретті түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

СПОРТ

Аймақта Қажымұқан Мұнайтасұлының 150 жылдық мерейтойына орай қазақша күрестен 2001-2003 жылдары туған жастар арасында республикалық ашық турнир өтті. Тартысты бәсекеге еліміздің барлық облысы мен Алматы, Шымкент қалалары және қазақ күресінен ұлттық құрама командасының жас балуандары қатысып, бақ сынасты.

БОЗ КІЛЕМДЕГІ БӘСЕКЕ



Тоғызыншы мәрте ұйымдастырылған турнирдің өзіндік ерекшелігі бар. Бастысы, аталған дода Ұлттық құрамаға кандидаттарды анықтады. Сондай-ақ ішкі біріншілікте іріктелген жастар ұлттық құрама сапына іліуге мүмкіндік алып, қазақ күресінен Әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарына қатысу мүмкіндігіне ие болды. Оған қоса турнир жүлдегерлері спорт шеберіне үміткер атағын да қоса иеленді.

Боз кілем бәсекесінде балуандар тоғыз салмақ дәрежесінде жүлделерді сарапқа салды. Үш күнге созылған доданың ашылу салтанатында сөз алған қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов қазақ күресінің мән-маңызына ерекше тоқталған болатын.

– Жыл сайын еліміздің барлық аймақтарынан жас балуандарымыз Алаштың Ақмешіті атанған Қызылорда қаласында бас қосып, Қажымұқан Мұнайтасұлы атындағы турнир аясында боз кілемге шығып, белдесіп, бақтарын сынапты. Биыл да дәстүрден жаңылмай балуан атындағы республикалық ашық турнирді 9-шы мәрте өткізудеміз. Мұндағы басты мақсат ұлтымыздың тамыры терең тарихын, ұлттық салт – санамызбен біте қайнасқан «Қазақ күресі» ескелең ұрпаққа насихаттау, осы арқылы олардың бойында ұлттық патриотизмді қалыптастыру, – деді.

«Ақмешіт-ақпарат»

Жанармаймен жүретін көліктен бас тартып, электромобильге көшу – дүние жүзінде бар үрдіс. Бұл тұста Қазақстан да дамыған

елдермен қатар токпен жүретін көліктер саны артып келеді. Соның бірі – Қызылорда қаласындағы әзірге жалғыз электрлі BMW i3 көлігі.

ҚЫЗЫЛОРДАДА
ӘЗІРГЕ БІРЕУ ҒАНА

Қалаға келгеніне бір айға жуық уақыт болыпты. Біз оны арнайы көшеден тоқтатып сөйлескен едік. Қаланың Рүстем есімді тұрғыны оны Германиядан әкелгенін айтты. Басқа көліктерге карағанда ерекшелігі бар. Электромобильдер әдеттегі автоларға карағанда әлдеқайда үнемді. Электр көлігін 100 процентке қуаттау үшін орта есеппен 30 кВт/сағат электр энергиясы жұмсалады. Мамандардың есептеуінше, электромашиналар жанармаймен жүретін көліктермен

салыстырғанда ай сайын шамамен 60-70 мың теңгені үнемдейді екен. Мәселен, бір айдағы 22 жұмыс күнінде электромобиль 10 мың теңге электр энергиясын тұтына, бензинмен жүретін көліктердің ай сайынғы шығыны орта есеппен 75-80 мың теңгені құрайтынын айтады.

– Әлбетте, мұндай көліктер өте тиімді. Себебі май, бензин, антифриз құйып әуре болмайсыз. Сұйықтықтан тек әйнекті жуатын су ғана қолданылады. Сол сияқты әдеттегі аккумулятор да қажет емес. Көлік тек батарея мен сымдардан тұрады. Электромобиль 100 процент қуатталуы үшін 4 сағат уақыт қажет. Көлікті оталдырып, пешті қосқан кезде 4 минутта батареяның I пайыз қуаты жұмсалады. Сондай-ақ бұл көлік кәдімгі көліктер секілді темір емес. Сырттың барлығы пластмасса. Қызылордалықтар тоқтатып, таң қалып жатады. Мен оған үйрендім, – дейді Рүстем.

Электротар қыстың кезінде ашық алаңда да тұра береді. – 25 градус суықта еш қиындықсыз оталады. Жылытқыш пеші тез іске қосылып, аз уақыт ішінде салон іші ысып кетеді. Тіпті 30 секундтан соң пеш ыстық бу шапша бастайды. 100 пайыздық қуатпен электротарлардың жүру қашықтығы қыста 100 шақырым, жазда 150 шақырымды құрайды.

Электр көліктерінің тағы бір артықшылығы ретінде қоршаған ортаны ластамайтынын айтуға болады. Онымен қоса бензинге карағанда электр қуаты әлдеқайда арзан. Кептелістерде көп энергия жұмсамайды. Мұнай нарығына да тәуелді емес. Қазақстан үшін маңыздысы да осы. Өйткені мың құбылатын мұнай бағасы бензиннің қымбаттауына әсер етіп жатыр.

Электр көліктерінің қарапайым бензинмен қозғалатын автомобильдерден бірқатар артықшылығы бар. Нақтылап өтсек:

- қоршаған ортаны ластамайды;
- бензинге карағанда электр қуаты әлдеқайда арзан;
- мұнай нарығына тәуелді емес;
- олардың қозғалыс барысында дыбысы шықпайды;
- салық төлеудегі жеңілдіктер;
- кептелістерде көп энергия жұмсамайды.

Бүгінде дамыған елдерде токпен жүретін көлікке сұраныс көп. Ал Қазақстанда электромобильдер салықтан босатылған.



THE WALL STREET JOURNAL.

АҚШ БАЗАСЫНА
ШАБУҰЛ ЖАСАДЫ

Америка мен Иран қолдау көрсетіп отырған қарулы топтар арасындағы шиеленіс артып отырған тұста Ирактағы АҚШ-тың әскери базасына ракеталық шабуыл жасалды.



Барлық әскерилер аман қалғанымен бір азаматтық мердігер жүрек ұстамасынан көз жұмған. Пентагонның баспасөз хатшысы Джон Кирби Аль-Асадағы базда әскери адамдардың шығыны болмағанын айтты. Өз кезегінде ирандық жасақтарды қолдап отырған Ирактағы Sabreen ақпараттық агенттігі оқиға орнынан суреттер мен алғашқы хабарландыру жазбаларын жариялады. Оқиғаға байланысты The Wall Street Journal газетінің Дубайдағы тілшісі Джаред Малсин мен Бағдалдағы тілші Гассан Аднан «Иранмен арадағы қатынастың шиеленісу тұсында АҚШ-тың Ирактағы әскери базасына ракеталық шабуыл жасалды» атты мақала жариялады.

Байден оқиғаның анық-қанығын оның әкімшілігі тексеріп жатқанын хабарлады. «Ешкім көз жұмбады. Тек бір мердігер ғана жасырылатын орын іздеп жүргенде жүрегі ұстап қайтыс болды. Оның өліміне кімнің қатысы бар екенін анықтаймыз» деді АҚШ президенті.

Тілшілер бұл оқиғаны бір апта бұрынғы АҚШ-тың ирактық құрамдас Иранға жасаған әуе шабуылына қайтарылған жауап болуы мүмкін деп жазды.

Жақында Иран Еуро Одақтың ұсынған келіссөздерінен бас тартқан еді. Жалпы бұл келіссөздер кезінде АҚШ пен Иран келісімге келіп, Иран ядролық қызметін шектеп, ал АҚШ санкцияны азайту қажет болатын. Жалпы бұл шабуылдар Байденнің әкімшілігінің ядролық бағдарлама туралы Тегеранмен орнатқысы келіп жатқан келіссөздеріне кері әсер етеді деп жазды тілшілер. Десе де Байден ирандық үкіметпен ядролық қызметті шектеуге байланысты келісімге келуден әлі үмітін үзбеген.

Бұл шабуыл папа Францисктің Иракқа мұсылмандар мен христиан діні өкілдерімен достық қарым-қатынас орнату үшін келетін сапарынан екі күн бұрын болған. Яғни тілшілер ирандық жасақтар бұл келісімге де қарсы болуы мүмкін деп болжайды.

Пентагонның баспасөз хатшысы шабуылдың басты себебі мен салдары әлі де зерттеліп жатқанын хабарлаған. Ал Ирактың қауіпсіздік өкілі шабуыл Аль-Асадағы базаға жақын жердегі ауылдан жасалғанын хабарлаған. Қауіпсіздік комитеті де зымранды ұшыру үшін пайдаланылған жүк көлігінің суретін жариялады.

Жалпы 2020 жылдың қаңтарында АҚШ әуе соққысын жасап, Иранның генерал-майоры Касем Сулейманидың өлгені белгілі. Сол уақытта да Аль-Асадағы база әскери жасақ нысанына айналып, Сулеймани үшін жауап алатындарын айтқан. Д.Малсин мен Г.Аднан бұл оқиға сол кек алу немесе өткен аптада Сирияға жасалған АҚШ-тың әуе соққысына жауап болуы әбден мүмкін деп болжайды.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НҮРАЗҒАЛИ

Меншік иесі:



Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер – 1022)
Жауапты хатшы, бөлмелер - 40-11-10 (ішкі номер – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Атласына 2 рет, сәйбейсі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы **4850** Тапсырыс №344

Номердің кезекші редакторы Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ